

"Металлургжөндеу-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 908. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995.12.14 . N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1287 " Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Металлургжөндеу-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Қарағанды облысының Теміртау қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың құрамында Компанияны құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

Компанияға кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Компанияға берілетін болсын.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаттары кен-металлургия кешені кәсіпорындарын қайта құру және техникалық жағынан қайта жарақтандыру, технологиялық құрал-жабдықты жөндеу ісін ұйымдастыру және өткізу деп белгіленіп, оған мыналар жүктелсін:

Компанияның құрамына кірген кәсіпорындардың қызметіне неғұрлым тиімді жағдайлар жасау мақсатында олардың жұмысын үйлестіру;

кен-шахта, байыту, металлургия мен күкірт қышқылы өндірісі салаларында жобалау және іздестіру жұмыстарын жүргізу;

кен-шахта, байыту, металлургия және күкірт қышқылы өндірістік құрал-жабдықтарын жөндеу, қолайсыз ортада жұмыс істейтін үйлерді, ғимараттар мен құрал-жабдықты химиялық әсерден қорғау және тат басудан сақтау жұмыстарын ұйымдастыру;

Компанияға мүше кәсіпорындарды Компанияның ішкі кооперация және сыртқы байланыстары есебінен материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

қатысушы кәсіпорындардың өндірістік базасын нығайтуға бағытталған ғылыми-техникалық, экономикалық бағдарламалар әзірлеу, стандартты емес құрал-жабдықты, механикаландыру құралдарын, технологиялық жарақ пен металл-конструкцияларын қазіргі заманғы технологиялар мен жаңа материалдар негізінде әзірлеу;

халық тұтынатын тауарлар шығару және қызметкерлерді ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін өзіндік ауыл шаруашылық базасын (қосалқы шаруашылық) дамыту;

Компанияның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өз өкілдерін тағайындау.

5. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың басшылығын өз орнында қалдырып, олардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компанияның Байқаушы кеңесінің дербес құрамы және оның президенті қызметіне кандидатура жөнінде ұсыныс енгізетін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті Қазақ мемлекеттік "Қазқараметалжөндеу" акционерлік тресімен бірлесіп қолдағы бар ресурстар есебінен Компанияға қажетті үй-жайларын, техникалық құралдарды, телефон мен телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 908 қаулысына

Қосымша

"Металлургжөндеу-холдинг" мемлекеттік холдинг
компаниясына енетін кәсіпорындар мен ұйымдар

Тізбесі

"Қазтүстіметалжөндеу" бірлестігі, Алматы қаласы

оның ішінде:

Оңтүстік Қазақстан мамандандырылған ұжымдық жөндеу-құрылыс
басқармасы, Шымкент қаласы

"Қазорталықреттеу" мамандандырылған жалгерлік басқармасы,

Сәтпаев қаласы, Жезқазған облысы

жөндеу-құрылыс мамандандырылған басқармасы, Лениногорск қаласы

Ертіс мамандандырылған ұжымдық жөндеу-құрылыс басқармасы,

Өскемен қаласы

жөндеу-құрылыс мамандандырылған бөлімшесі, Қарағайлы қала

үлгісіндегі поселкесі, Қарағанды облысы

жөндеу-реттеу бөлімшесі, Шымкент қаласы

"Жөндеуқұрылыстүстіметалл" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Қазтүстіметжөндеужабдықтау" мемлекеттік кәсіпорны, Алматы

қаласы

Қазақ мемлекеттік "Қазқараметалжөндеу" акционерлік тресі, Теміртау
қаласы

оның ішінде:

"Оралдомнажөндеу" жалгерлік кәсіпорны, Теміртау қаласы

"Металлургжөндеу" акционерлік фирмасы, Теміртау қаласы

"Жөндеумонтажэкология" акционерлік қоғамы, Теміртау қаласы

"Коксхимияжөндеу" акционерлік қоғамы, Теміртау қаласы

"Оралдомнажөндеу" жалгерлік кәсіпорны, Лисаковск қаласы "

Шығысэнергияжөндеу" ұжымдық кәсіпорны, Теміртау қаласы "

Оралдомнажөндеу" мамандандырылған құрылыс-монтаж басқармасы, Рудный

қаласы "Металлургжөндеу" мамандандырылған құрылыс-монтаж басқармасы,

Рудный қаласы "Шығысэнергияжөндеу" ұжымдық кәсіпорны, Рудный қаласы

Жалгерлік жөндеу кәсіпорны (басқармасы), Павлодар қаласы "

Балқаштүстіметалжөндеу" мемлекеттік тресі, Балқаш қаласы Мемлекеттік

инженерлік-техникалық орталық, Алматы қаласы

соның ішінде "Прис" мемлекеттік шағын кәсіпорны, Алматы

қаласы Қазақ мамандандырылған жөндеу-реттеу халықтық кәсіпорны,
Өскемен қаласы Өскемен "Оралэнергиятүстіметалл" кәсіпорны, Өскемен қаласы
Шымкент "Ортаазиятүстіметалэнергия" мамандандырылған жөндеу-монтаж
басқармасы, Шымкент қаласы "Ортаазиятүстіметалгазтазалау" тресі, Өскемен
қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК